

Мемлекеттік меншікті басқарудың тиімділігін арттыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 1 тамыздағы N 1207.

Қазақстан Республикасының Президентіндегі кеңесте Қазақстан Республикасы министрліктерінің, кәсіпорындары мен ұйымдарының басшы қызметкерлерінің қатысуымен қабылданған 1997 жылғы 19 маусымдағы N И-192 хаттамалық шешімнің 3 -тармағына сәйкес, мемлекеттік меншікті және оның жекешелендірілу барысын жүйелі түрде есепке алу мен олардың мониторингін, ақпаратты жинау мен өңдеу тәртібін жүйелеуді және әртүрлі мемлекеттік органдар қалыптастыратын деректер базаларын бірегейлендіруді енгізуді көздейтін "1996-1998 жылдарға арналған реформаларды тереңдету жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің іс-қимыл бағдарламасын" орындау мақсатында, сондай-ақ мемлекеттік мүлікті басқарудың тиімділігін арттыру және оның пайдаланылуына бақылау жасау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1998.03.21. N 246 қаулысымен.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік пен активтерді басқару департаменті (бұдан әрі - Департамент) Мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекет қатысатын шаруашылық серіктестіктерінің тізілімін қалыптастыруға тартылған басқа мемлекеттік органдармен бірлесе отырып, 1997 жылдың 1 қазанына дейін мерзімде қолда бар деректер базасына түгендеу жүргізсін және жоғарыда аталған Тізілімді Ережеге сәйкес қалыптастырсын.

3. Министрліктер, ведомстволар және Қазақстан Республикасының өзге де уәкілетті мемлекеттік органдары ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік кәсіпорындар мен өзге де ұйымдардың жартыжылдықтардың нәтижесі бойынша қаржы шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы әрбір кәсіпорынға (ұйымға) шаққандағы есебін Департаментке және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Қаржы бақылау комитетіне Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бекіткен нысан бойынша тұрақты түрде ұсынуын қамтамасыз етсін.

Департамент акционерлер жиналысының қарауына акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі шаруашылық серіктестіктерінің қаржы шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы ақпаратты ұсыну туралы мәселені белгіленген тәртіппен енгізсін.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1997 жылдың 15 тамызына дейін мерзімде жоғарыда аталған есептерді ұсыну нысандарын бекітіп, олар туралы министрліктерді, ведомстволарды және өзге де уәкілетті мемлекеттік органдарды хабардар етсін.

4. Департамент және басқа да уәкілетті мемлекеттік органдар Департаменттің келісімі бойынша ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік кәсіпорындардың (ұйымдардың) бірінші басшыларымен кәсіпорындардың (ұйымдардың) қызметінің қаржылық көрсеткіштеріне және олардың республикалық бюджеттің кірісіне жасаған аударымдарына (салық және өзге де міндетті төлемдерді қоспағанда) қарай оларға еңбекақы төлеудің шарттарын белгілей отырып, келісім-шарттар жасауды (бұрын жасалғандарын қайта қарауды) қамтамасыз етсін.

Департамент акционерлер жиналысының қарауына осы тармақтан туындайтын өзгерістерді акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі шаруашылық серіктестіктерінің бірінші басшыларымен жасалған өз күшіндегі келісім-шарттарға өзгеріс енгізу туралы мәселені белгіленген тәртіппен енгізсін және осындай әдісті жаңадан сайланған басшылармен келісім-шарт жасасуда пайдалануды ұсынсын.

5. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.09.30. N 1504 қаулысымен.

6. Департамент Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы бақылау комитеті қызметкерлерінің шаруашылық серіктестіктерінің тексеру комиссияларының құрамына 3-қосымшаға сәйкес тұрақты негізде қатысуын заңдарда белгіленген тәртіппен қамтамасыз етсін.

Жоғарыда аталған шаруашылық серіктестіктерінде жүргізілген әрбір тексерудің нәтижелері туралы ақпарат Департаментке ұсынылуға тиіс деп көзделсін.

7. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы бақылау комитеті қызметкерлерінің мемлекет қатысатын шаруашылық серіктестіктерінің тексеру комиссиясының құрамында қатысу тәртібі туралы ережені әзірлеп, бекітсін;

Мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекет қатысатын шаруашылық серіктестіктерінің тізілімін ұйымдастыру және оны жүргізу жөніндегі 1997 жылға арналған жұмыстарды қаржыландыруға қажетті қаражатты қарастырсын;

1998 жылдан бастап тізілім қызметтерін қаржыландыруға қажетті қаржыны бөлуді көздесін.

8. Департамент Мүдделі министрліктермен және ведомстволармен келісе отырып, саудаластыққа бірнеше рет қойылғаннан кейін сатылмаған шаруашылық жүргізуші субъектілердің тізбесін айқындап, "Кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру мен тарату жөніндегі агенттік" акционерлік қоғамының қатысуымен оларды қайта ұйымдастыру мен таратуды жүзеге асырсын.

9. Департамент тоқсан сайын Қазақстан Республикасының Үкіметіне осы қаулының орындалу барысы туралы есеп ұсынатын болсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Үкіметінің
1997 жылғы 1 тамыздағы
N 1207 қаулысымен
бекітілген

Мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттік қатысу үлесі бар шаруашылық серіктестіктерінің тізілімі туралы ЕРЕЖЕ

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 1998.03.21. N 246 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 1 тамыздағы
N 1207 қаулысына
2 қосымша

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.09.30. N 1504 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 1 тамыздағы
N 1207 қаулысына
3 қосымша

Тексеру комиссиясының құрамына мемлекеттік өкілдер енгізілетін акционерлік қоғамдардың тізбесі

Ескерту. Тізбе өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.06.28 N 702 қаулысымен.

1. "ҚазМұнайГаз" ҰК" ЖАҚ
- 2. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2002.06.28 N 702 қаулысымен.**
3. "KEGOS" АҚ
4. "Эйр Қазақстан" ЖҰАҚ
5. "Шұбаркөл кеніші" АҚ
6. "Борлы" АҚ
7. "Батыскөлікгаз" АҚ
8. "Алаугаз" АҚ
9. "Павлодармұнайөңдеу заводы" АҚ
10. "Атакент" АҚ
11. "Заңғар" Сауда үйі" АҚ
12. "Балалар әлемі" "Әмбебап дүкені" АҚ
13. "405 ГА авиажөндеу заводы" АҚ
14. "406 ГА авиажөндеу заводы" АҚ
15. "Өскемен титан-магний комбинаты" АҚ
16. "Үлбі металлургия заводы" АҚ
17. "Жезқазғантүстімет" АҚ
18. "Оңтүстік Топар кен басқармасы" АҚ

19. "Шалқия кен басқармасы" АҚ
20. "Соколов-Сарыбай КБӨП" АҚ
21. "Қостанайхимжібек" АҚ
22. "Екібастұзшахтықұрылыс" АҚ
23. "Жезкент КБК" АҚ
24. "Химфарм" АҚ
25. "Қазақстан алюминий" АҚ
26. "Қазхром" КҰҚ
27. "Целинный кен-химия комбинаты" АҚ
28. "Шығыс Қазақстан мыс-химия комбинаты" АҚ
29. "Ертіс химия-металлургия заводы" АҚ
30. "Ақбақай КБК" АҚ
31. "Суперфосфат заводы" АҚ
32. "Нодфос" АҚ
33. "Қаратау" АҚ
34. "Сарытас" АҚ
35. "Промтранс" АҚ
36. "Қазжөндеуэнерго" АҚ
37. "Ақтөбе ЖЭО" АҚ
38. "Талдықорған ЖЭО" АҚ
39. "Теплоцентраль (Қызылорда ЖЭО-6)" АҚ
40. "Шымкент ЖЭО" АҚ
41. "Ақтөбе ТЭК" АҚ
42. "Қызылорда ТЭК" АҚ
43. "Солтүстік Қазақстан ТЭК" АҚ
44. "Батыс Қазақстан ТЭК" АҚ
45. "Жамбыл ТЭК" АҚ
46. "Маңғыстау ТЭК" АҚ
47. "Павлодар ТЭК" АҚ
48. "Талдықорған ТЭК" АҚ
49. "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" АҚ
50. "Қазақстан Халықтық Банкі" АБ
51. "Тұран Әлем" АБ